

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің

Басқарма төрағасы – ректор

Б.С.

Каримова

« 10 » ақпан 20 21 ж.



«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы Ғылыми кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2021 ж.

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы Ғылыми кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның Ғылыми кеңесі (әрі қарай – Ғылыми кеңес) университетті алқалық басқарудың бір түрі болып табылды.

1.2. Ғылыми кеңес қызметінің мақсаты:

- кәсіби білікті кадрлар даярлауды табысты іске асыру мақсатында университеттің білім алушылары мен оқытушы-профессорлар құрамына қажетті жағдайлар жасау;
- қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;

- университеттің одан әрі дамуына ықпал ету және т.б..

1.3. Ғылыми кеңес өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Білім беру саласын реттейтін ҚР Үкіметінің қаулылары;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері;
- Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары;

- «Қорқыт Ата атындағы ҚУ» КЕАҚ Жарғысы;

- университеттің ішкі тәртіп ережелері;

- «Қорқыт Ата атындағы ҚУ» КЕАҚ Ғылыми кеңесі туралы Ережесі.

1.4. Ғылыми кеңестің қызметі өз құзыретіне жататын мәселелерді жария талқылауға негізделеді.

1.5. Ғылыми кеңес өз жұмысын тиісті оқу жылына бекітілген жоспар негізінде ұйымдастырады.

1.6. Ғылыми кеңестің өкілеттік мерзімі – 3 жыл.

2. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

2.1. Ғылыми кеңес университет ректорының бұйрығымен құрылады.

2.2. Ғылыми кеңес құрамына университет ректоры, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, оқытушы-профессорлар құрамы, университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері, ғалым хатшы кіре алады.

2.3. Ғылыми кеңесті Басқарма төрағасы – университет Ректоры басқарады. Төраға Ғылыми кеңес жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалығына, университет Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

2.4. Төраға бұйрығымен төраға орынбасары тағайындалады. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін орынбасар орындайды.

2.5. Ғылыми кеңестің басқа мүшелері университеттің жалпы жиналысында жасырын дауыспен сайланады. Университеттің жалпы жиналысында оның тізімдік құрамының кем дегенде үштен екісі болып, қатысқандардың 50 (елу) % астамы дауыс берген үміткер сайланды деп есептеледі.

2.6. Ғылыми кеңестің құрамы Басқарма Төрағасы – университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.7. Ғылыми кеңестің құрамы үш жыл мерзімге сайланып, мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Қажеттігіне қарай Ғылыми кеңестің шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу мыналарға байланысты болуы мүмкін:

- ректордың атына өтініш беру арқылы Ғылыми кеңес құрамынан шығу;
- Ғылыми кеңес мүшесі мен университет арасында еңбек қатынастарының тоқтатылуы;

- оқудан шығуына байланысты;

- Қазақстан Республикасы заңнамалығында көзделген басқа да негіздер.

2.8. Университет Ғылыми кеңесінің өкілеттігі аяқталғанға дейін бір ай бұрын Басқарма төрағасы – университет ректоры Ғылыми кеңестің жаңа құрамына сайлау өткізу туралы бұйрық шығарады. Жаңадан сайланған Ғылыми кеңестің жұмысы басталған сәттен бастап алдыңғы Ғылыми кеңестің өкілеттігі тоқтатылады.

2.9. Университет Ғылыми кеңесінің жаңа құрамын мерзімінен бұрын сайлау оның мүшелерінің жартысынан астамының талабы бойынша өткізіледі.

2.10. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешемідердің орындалуын бақылау, тәжірибені қорыту және кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін оның мүшелері қатарынан Басқарма Төрағасы – университет Ректорының бұйрығымен 3 жыл мерзімге ғалым хатшы тағайындалады.

3. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

3.1. Ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде келесі қызметтерін жүзеге асырады:

- ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша мәселелерді қарастыру;
- оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарастыру;

- профессор-оқытушылар мен ғылыми құрамға ғылыми атақ беру мәселелерін қарастыру;

- ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;

- оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- университеттің стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді қарастыру;

- университеттің әлеуметтік теңдік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешімін қабылдау;

- университеттің өткен оқу жылындағы қызметінің қорытындысын шығару;

- Қоғамдың оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстары туралы есептерді мерзімді түрде қарау;

- Қоғам құрамына кіретін басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын Қоғам басқармасына бекіту үшін қарастыру;

- Қоғам қызметіне қатысты жеке ұжымдық шешімді талап ететін басқа да мәселелерді қарастыру.

3.2. Ғылыми кеңес нақты қызметтері және құрамы бар тұрақты және уақытша жұмыс істейтін комиссиялар құра алады.

4. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Ғылыми кеңес мәжілісі бекітілген жоспарға сәйкес айына бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің отырыстары жоспардан тыс өткізіледі.

4.2. Университеттің Ғылыми кеңесінің кезекті оқу жылына арналған жұмыс жоспары университеттің Ғылыми кеңесі мүшелерінің, құрылымдық бөлім басшыларының ұсыныстары негізінде ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін 2 ай бұрын мерзімде ғалым хатшыға беру арқылы қалыптастырылады және университеттің Ғылыми кеңесінің соңғы отырысында бекітіледі.

4.3. Университеттің Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісі университеттің Ғылыми кеңесі төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ университет Ғылыми кеңесінің тізімдік санының 3/1 мүшелерінің бастамасы арқылы шақырылуы мүмкін. Әрбір жағдайда университеттің ғалым хатшысы университет Ғылыми кеңесінің мүшелерін кезектен тыс мәжілістің күн тәртібі туралы жазбаша хабардар етеді.

4.4. Ғылыми кеңестің мәжілісі егер оған оның мүшелерінің 3/2 қатысса заңды болып табылады.

4.5. Ғылыми кеңестің шешімдері жай көпшілік дауыспен ашық немесе жасырын дауыспен қабылданады. Жиналым болуын қажет ететін Ғылыми кеңестің шешімдері мәжілісте оның құрамының кем дегенде 3/2 қатысса заңды болады.

4.6. Жасырын дауыс беруді өткізу үшін Ғылыми кеңес мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың жай көпшілік дауысымен санақ комиссиясы (кем дегенде үш адам) құрылады. Жасырын дауыс беруге тек Ғылыми кеңестің мәжілісіне қатысушылар, комиссия дайындаған бюллетень алғандар ғана қатысады. Ғылыми кеңес мүшелері отырысқа онлайн қатысқан жағдайда дауыс беру жұмыстары <https://www.google.com> арқылы жүргізіледі. Санақ комиссиясының мүшелері бюллетеньдерді санайды және дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама рәсімдейді.


Хаттама рәсімделгеннен кейін санақ комиссиясы бюллетендерді мөрлеп, оларды өз хаттамаларына тіркеп қояды. Ғылыми кеңес көпшілік жәй дауыспен санақ комиссиясының хаттамаларын бекітеді.

4.7. Ғылыми кеңестің шешімі хаттамамен рәсімделіп, оған Ғылыми кеңес төрағасы мен ғалым хатшы қол қояды. Хаттамадан үзінді көшірмелер рәсімделіп, қажет болғанда мүдделі адамдарға жіберіледі.

4.8. Қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жасау орындаушылардың есептерін Ғылыми кеңесте тыңдау арқылы жүргізіледі.

4.9. Ғылыми кеңестің отырыстарына материалды уақытылы және сапалы дайындау және Ғылыми кеңестің іс-қағаздарын жүргізу жауапкершілігі ғалым хатшыға жүктеледі.

Оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор



А.Т. Жүнісов

Ғалым хатшы



А.Б. Жолмаханова